ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2025 жылғы 27 қаңтар іс №7119-24-00-2/17221 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.К.Жетібаев,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «ЭлектроСтрой Астана» атауымен әрекет етуші Кадиша Абуовна Карымсакова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «ЭлектроСтрой Астана» атауымен әрекет етуші Кадиша Абуовна Карымсаковаға қатысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «ЭлектроСтрой Астана» атауымен әрекет етуші Кадиша Абуовна Карымсакова мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «ЭлектроСтрой Астана» атауымен әрекет етуші Кадиша Абуовна Карымсаковадан талап қоюшы Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына 5 063 (бес мың алпыс үш) теңге тұрақсыздық айыбы және 152 (жүз елу екі) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «ЭлектроСтрой Астана» атауымен әрекет етуші Кадиша Абуовна Карымсаковадан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Ж.К.Жетібаев**

Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 27.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 07.03.2025, судья Жетибаев Ж. К., 02.04.2025

7119-24-3-1/16697